



**Қосымша білім беру педагогтерінің  
көркемөнер-эстетикалық бағытындағы «Өнерлі шебер»  
XIII облыстық шығармашылық тәжірибелік шеберлік сабақтары  
ЕРЕЖЕСІ**

**1. Жалпы ереже**

1.1. Осы Ереже Қарағанды қаласы мен Қарағанды облысының балалар көркемөнер мектептері, өнер мектептері мен Қарағанды облысының сурет студиялары педагогтерінің, арасындағы «Өнерлі шебер» XIII облыстық шығармашылық тәжірибелік шеберлік сабақтарының мақсаты мен міндеттерін, өткізілуі мен қатысушыларды марапаттау тәртібін анықтайды.

1.2. Тәжірибелік шеберлік сабақтар 2024-2025 оқу жылына Қарағанды облысы қосымша білім беру педагогтерінің облыстық қауымдастығы мен білім беруді дамытудың оқу орталығының бірлескен жұмыс жоспарына сәйкес жүргізіледі.

1.3. «Қарағанды облысында білім беруді дамытудың оқу-әдістемелік орталығы» КМҚК тәжірибелік шеберлік сабақтарды қолдап, жүзеге асырады. Қарағанды облыстық бейнелеу өнері мұражайының қолдауымен Қарағанды қаласы «№1 балалар көркемөнер мектебі» КМҚК, «Шығармашылық одағы» «Қарағанды суретшілер одағы» ҚБ іс-шараны өткізу мен дайындау жұмыстарын қамтамасыз етеді.

1.4. Шеберлік сабақ қатысушылары: педагогикалық тәжірибесі мен жасына шектеусіз өнер мектептерінің көркемөнер бөлімдері, көркемөнер студияларының қосымша білім беру педагогтері.

**2. Тәжірибелік шеберлік сабақтардың мақсаты мен міндеттері**

2.1. **Өткізу мақсаты:** Қарағанды облысының көркемдік-эстетикалық бағытындағы қосымша білім беру педагогтерінің шығармашылық қызметі мен кәсіби шеберлігін дамыту, өзін-өзі тиімді жүзеге асыру үшін жағдай жасау.

2.2. Тәжірибелік шеберлік сабақтарды міндеттерді:

- кескіндеме, графика және сәндік өнердегі түрлі техникалық тәсілдер мен технологияларды тәжірибе жүзінде қолдану;
- педагогикалық тәжірибені тарату;
- педагогтердің ақпараттық мәдениетін арттыру.

- «Қарағандыға-90» тақырыбы аясындағы теориялық және шеберлік сабақтарының бағыттары:

- Қарағанды қаласының пейзажы;
- Қарағанды тарихы;
- Шахтерлер астанасы;
- Қарағанды қаласының тұрғындары;
- Қарағанды қаласының сәулет ескерткіштері;
- Қарағанды өлкесінің 4 маусымдық кезеңі;
- Қарағанды қаласының көрікті жерлері.

### **3. Тәжірибелік шеберлік сабақтарға қатысушылар**

3.1 Тәжірибелік шеберлік сабақтарға қатысушылар: көркемсурет мектептерінің, өнер мектептерінің көркемсурет бөлімдерінің, изостудиялардың қосымша білім беру педагогтері.

### **4. Тәжірибелік шеберлік сабақтарды ұйымдастыру мен өткізу**

4.1. «Өнерлі шебер» XIII Облыстық тәжірибелік шеберлік сабақтары **2025 жылдың 19 наурызы күні** сағат **10.00-ден 15.30-ге** дейін Қарағанды қаласындағы Қарағанды облыстық бейнелеу өнері мұражайында өтеді.

4.2. Шеберлік сабақтар бағдарламада жоспарланған:

- 5 шеберлік сабағын өткізу ;
- іс-тәжірибелік бөлім

4.3. Практикалық бөлімге қатысу үшін келесі материалдардың болуы қажет:

- планшет, этюдник, жиналмалы орындық (қатысушының қалауы бойынша);
- А/2, А/3 қағазы (форматы қатысушының қалауы бойынша);
- материалдар: акварель, гуашь, акрил, май, қарындаштар және т.б.;
- қылқалам, палитра, өшіргіш, қарындаштар, суға арналған ыдыс;
- әр қатысушы тізімде көрсетілмеген қосымша материалдарды қолдана алады.

4.4. Шеберлік сабаққа қатысу үшін **2025 жылдың 14 наурызы күніне дейін** педагогтер өтінімді e-mail: [konkurs\\_art\\_school@mail.ru](mailto:konkurs_art_school@mail.ru) электронды мекенжайына жолдауы тиіс (қосымша 1).

4.5. «Өнерлі шебер» XIII Облыстық тәжірибелік шеберлік сабақтарын өткізу бекітілген бағдарлама тәртібіне сай жүргізіледі (қосымша 2).

4.6. Тәжірибелік шеберлік сабақтардың қатысушыларына сертификаттар беріледі.

4.7. Қосымша ақпаратты келесі мекенжай бойынша ала аласыздар: Қарағанды қаласы Бұқар-Жырау даңғ. 61А үй, «№1 Балалар көркемөнер мектебі» КМҚК, тел./факс: 8-7212-252819; e-mail:[konkurs\\_art\\_school@mail.ru](mailto:konkurs_art_school@mail.ru)

1-қосымша

Қарағанды облысының қосымша білім беру педагогтерінің  
көркемөнер-эстетикалық бағытындағы «**ӨНЕРЛІ ШЕБЕР**»  
ХІІІ облыстық шығармашылық тәжірибелік шеберлік сабақтарына қатысуға  
өтінім

№	Аты-жөні (толық)	Білім беру ұйымының атауы	Білім беру ұйымының кең жайы, телефоны	Қатысушы- ның ұялы телефоны
1				